



**№190 орта мектепте 2023-2024 оқу жылында жүргізілген
кәсіби бағдар беру жұмыстары туралы
А н ы қ т а м а**

2023 – 2024 оқу жылында мектепте 11 сыныпта жаратылыстану-математикалық бағытында 17 оқушы, 10 сыныпта 17 оқушы жаратылыстану – математикалық бағытында жоспарға сай білім алды. Оқу жылында мектеп компонентіндегі сағаттар сабақ кестесіне енгізіліп берілді. Бейінді пәндерден мектептегі педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы мұғалімдер сабақ берді. Мұғалімдердің сабаққа дайындығы үнемі бақылауда болды. Бейінді оқытуға байланысты түрлі іс-шаралар жоспар бойынша жүргізілді.

Бейіналды және бейінді сыныптардың таңдау және қолданбалы курстары сабақ кестесіне енгізіліп, сабақтардың жүргізілуі үнемі бақыланды.

Сабақ беретін мұғалімдер педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілді. Бейіналды 5-9 сынып оқушыларынан мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында психологиялық сауалнамалар алынып, қорытындыланды. Қорытынды бойынша бейімділігі анықталып ата – аналар жиналысы өткізілді. Оқушылармен түрлі жоғары және кәсіби арнаулы орта білім беретін оқу орындарының өкілдерімен кездесулер өткізілді. Бейінді сынып оқушыларынан бейінді пәндер бойынша бақылау жұмыстары алынып педагогикалық кеңесте қорытындыланды. 10-11 сыныптарда оқитын оқушылардың бейінді пәндер бойынша тоқсан сайын білім сапасына мониторинг жасалынды.

Бейіналды даярлық жұмыстары жүргізіліп, ата-ана, оқушы өтініші негізінде 2024 – 2025 оқу жылында 10 сыныпта 21 оқушы білім алатындығы анықталды.

Бейіндік оқыту жұмыс жоспарына сәйкес 9 сынып оқушыларымен түрлі тақырыптарда іс-шаралар өткізілді.

9, 11 -сынып оқушылары арасында «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті» тақырыбында, 8-9 сынып оқушыларымен «Сұранысқа ие мамандықтар туралы не білеміз?» тақырыбында болашақта қажет болатын мамандық түрлерімен, мамандықтарға қойылатын талаптармен таныстырылып, сұхбаттасу болып өтті.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларына АОО туралы мәлімет берілді.

Кеңес беру, диагностикалық бағытындағы оқушылар мен ата - аналарды АОО-да бөлінген гранттар туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бейіндік оқыту жұмыс жоспарына сәйкес 11 сынып оқушыларынан ай сайын байқау тесттері алынып, әр тоқсан сайын білім сапасына мониторинг жасалынып, білім көрсеткіштері сараланды.

Жыл бойы жаратылыстану – математика бағыты бойынша сабақ беру барысының деңгейі бақыланды.

Қаңтар айының 17-і күні оқушыларға кәсіптік бағдар беру мақсатында «Жарқын жастық-баянды болашақ» атты жоғары және арнаулы оқу орындарында оқып жатқан студентермен кездесу кеші болып өтті.

Наурыз айында «Мамандықты дұрыс таңдау –жарқын өмір бастау!» тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен «Сұранысқа ие мамандықтар туралы не білеміз?» тақырыбында болашақта қажет болатын мамандық түрлерімен таныстырылып, ақпараттандырылды.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, болашақ мамандығын таңдауда «Менің таңдауым!», «Зейін тұрақтылығы», «Эмоцияны басқару», Е.А.Климовтың дифференциальды- диагностикалық сауалнамалары алынды. Оқушылардың бойына сенімділік, қорқу, ұялу қобалжу сезімдерін сейілту мақсатында «ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу» сабағы өткізілді.

2024 жылдың 29-ы сәуір күні негізгі мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында Қазалы қаласындағы аграрлы-техникалық колледжінің оқу-өндірістік базасымен танысып қайтты.

9-сынып оқушылары арасында «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті» тақырыбында болашақта қажет болатын мамандық түрлерімен, мамандықтарға қойылатын талаптармен таныстырылып, сұхбаттасу болып өтті.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, болашақ мамандығын таңдауда «Менің таңдауым!», «Зейін тұрақтылығы», «Эмоцияны басқару», Е.А.Климовтың дифференциальды- диагностикалық сауалнамалары алынды.

2023-2024 оқу жылында ҰБТ-ге 14 оқушы қатысты. ҰБТ-ге қатысу көрсеткішіміз- 82,3. ҰБТ-ң қортындысымен орташа балы І кезең бойынша-90,3, ІІ кезең бойынша -88,4 пайыз білім көрсеткішін көрсетті. ҰБТ-ге қатысқан 14 оқушының 1-і «Серпін» бағдарламасы бойынша ЖОО –ң білім грантын, 11 оқушы- жалпы конкурс бойынша ЖОО-ң грантына ие болды. 1 оқушы ЖОО-ң ақылы негізде және 1 оқушы АОО-на қабылданды.

ҰБТ-ге қатыспаған 2 оқушы АОО-ң білім гранты негізінде, 1 оқушы АОО-ң ақылы бөліміне орналасты. Мектеп бітіруші 17 оқушыда 100 % ЖОО және АОО қамтылды.

Бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары:

А.Сарсенбаев